

<sup>1</sup>Қадыл Т.  <sup>2</sup>Абдылбарыұлы Д.  <sup>3</sup>Жомарт Е.   
<sup>1,3</sup>ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану

институты, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Дабыт Абдылбарыұлы, «Манас» ұлттық академиясы, Бишкек, Қырғыз Республикасы  
E-mail: <sup>1</sup>[taldaobekashimhan@gmail.com](mailto:taldaobekashimhan@gmail.com), <sup>2</sup>[dabyt91@gmail.com](mailto:dabyt91@gmail.com), <sup>3</sup>[silas.kaz.3@mail.ru](mailto:silas.kaz.3@mail.ru)

## ТҮРКІ ТІЛДЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ӘЛЕМ БЕЙНЕСІ: ҚЫТАЙ МИФТЕРІ МЕН ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Қытай мифтері мен аңыздары, тарихи дереккөздері негізге алынып, Түрік халықтарының дүниетанымындағы әлем бейнесінің образдар жүйесі зерттеледі. Қытай деректеріндегі әлем бейнесінің заттық және адам кейпіндегі образдары Грек, Египет, Ежелгі Шумер және Түрік халықтарының мифтерімен салыстырылып, талданады. Әлем бейнесі мен мифтік кейіпкерлер әр елдің әдебиетінде әртүрлі сипатталса да, салыстыра зерттегенде олардың көптеген ортақ ерекшеліктері айқын көрінеді. Мысалы, Түрік халықтарының мифологиясында әлемнің бейнесі «Қапақ» немесе «Теңіз ұлуы» пішінінде бейнеленсе, кейбір Түрік аңыздарында әлем алтын жұмыртқадан жарып шыққан деп айтылады. Қытай мифтерінде ағасы Фуши мен қарындасы Нұйуа үйленіп, адам баласы содан тараған делінсе, Түрік халықтарының аңыздарында Адам ата өз қабырғасынан Хауа ананы жасап, соған үйленеді. Енді бірде Түрік мифологиясында бүкіл әлемнің иесі – Нұр тәңірі. Хауа ананың бойына күннің нұры түсіп, содан жүкті болады. Сөйтіп адам баласы жаратылады. Осы тұрғыдағы ойлар мақалада қызықты деректермен және салыстырмалы талдаумен көрсетіледі. Зерттеудің мақсаты – Қытай дереккөздеріндегі материалдарды талдау арқылы әлемнің жаралуының ортақ образын анықтап, жүйелендіру. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін келесі деректер негізге алынды: 1. Қытайдың тарихи зерттеу материалдары: Піл сүйегінен жасалған тарақ бетіне бедерленген таңбалар талданды. Мифтер дәуірінде «○» таңбасы күннің символына баланған. Әлемнің жаралу алдындағы тілсім күйін Қытайлар «Қапақтың жарылуы» деп атаса, Еуропа халықтары оны «Хаос» деп атайды. Бұл деректер арасындағы байланыс мақалада терең талданады. 2. Қастасы жармағының символдық мәні: Қытай архивтерінен табылған қастасы жармағы арқылы әлем образын бейнелейтін таңбалардың Түрік халықтарының мифологиясы мен тіліндегі көріністері қарастырылады. 3. Әлемнің жаралуы мен ерте заманғы жыныс мәдениеті: Кейбір символдық бейнелер Қытайдың ерте заманғы жыныс мәдениетімен байланысы тұрғысынан зерттеледі. 4. Әлем бейнесінің заттық образы: Қытай және Жапон ғалымдарының зерттеулерінде әлем бейнесінің заттық образына айналған «Қапақ», «Жұмыртқа» немесе шеңбер пішіндес заттар мысал ретінде алынады. Сонымен қатар, Қазақ жазушысы О. Сүлейменовтың «Аз и Я» және «Таңбалар тілі» еңбектерінде әлем бейнесінің образына айналған заттар туралы пікірлері мысал ретінде талданады. Мақаланың жаңалығы – Түрік тектес халықтардың мифологиялық әдебиетінде бұрын айтылмаған, әрі еш жерде жарияланбаған жаңа материалдарды ұсынуы. Қытай архивтері, тарихи деректері, аңыздары мен мифтері мақаланың негізгі материалы ретінде пайдаланылды. Сол арқылы Түрік халықтарының дүниетанымындағы әлем бейнесінің образдар жүйесі жан-жақты және терең талданды.

**Алғыс:** Мақала ҚР ҒЖБМ «Қазақстан және Шығыс әлемінің өзгермелі контурлары: тарихи сын-қатерлер мен болашағы» (№ BR 31714763) атты іргелі ғылыми зерттеу шеңберінде даярланған.

**Кілт сөздер:** Түрік халықтары, әлем бейнесі, жаралуы, зарттық образдар, мәдени байланыстар, ерте заман жыныс мәдениеті, Қытай мифтері, Шумер және Грек аңыздары, археологиялық зерттеулер, тарихи деректер, қасиетті символдар.

### Кіріспе

Миф – көне заманның аңызға боялған, тек буалдыр бейнесін танытатын құбылыс емес; ол мифологиялық ойлау жүйесінде, тілдік нормалар мен мәдени кодтарда сақталған белгілі бір халықтың тарихи дүниетанымын бейнелейтін маңызды рухани мұра болып табылады. Әрбір халық өзінің тарихи танымына жақын келетін немесе байырғы мәдениеттерінің айғағы бола алатын мифтерді ұлттық санамен сабақтастыра зерттейді. Осы арқылы халықтың ерте дәуірлердегі қоғамдық жағдайы мен тұрмыс-тіршілігінің деңгейін, тарихи даму ерекшеліктерін және мәдени жетістіктерін белгілі бір дәрежеде танып-білуге мүмкіндік туады.

Мифтік ойлау жүйесінің, сондай-ақ мифтік мотивтер мен бейнелердің қалыптасуына халықтың өмір сүрген табиғи ортасы, географиялық кеңістігі және тіршілік қайнар көзі саналатын шаруашылық түрлері тікелей ықпал етеді. Есте жоқ ескі замандарда, яғни адамзат баласы әлі ұлт немесе ұлыс болып жіктелмей, тіпті белгілі бір өңірлік топтарға бөлінбей тұрған кезеңде мифологиялық ойлау жүйесінде ортақтықтар мен ұқсастықтар басым болды. Алайда қоғам дамуының ілгерілеуімен қатар қалыптасқан түрлі шаруашылық бөліністер мен өркениеттік айырмашылықтардың пайда болуы адамдардың таным жүйесінде түбегейлі өзгерістер туғызды.

Жаңа қоғамдық құрылымдардың қалыптасуы адамдарды әртүрлі әлеуметтік және мәдени топтарға бөліп, ортақтасып өмір сүрудің жаңа формаларын орнықтырды. Соның нәтижесінде біртіндеп өңірлік әрі өркениеттік жіктелу үдерісі қалыптасты. Бүгінгі күні «Батыс мәдениеті» немесе «Шығыс өркениеті» деп географиялық әрі мәдени тұрғыдан бөліп қарастыруымыз – осы тарихи дамудың заңды жемісі.

Адамзат баласы өзі өмір сүріп отырған әлемнің қалай пайда болғаны туралы мифтік дәуірдің өзінде-ақ терең ой қозғап, сан алуан болжамдар ұсынған. Қазіргі ғылым әлем бейнесі жөнінде нақты әрі жүйелі тұжырымдар жасағанымен, фантастикалық сипаты басым мифтік ұғымдардың тасасында әлі де толық ашылмай жатқан ақиқат бар секілді әсер қалдырады. Сондықтан біз ғылым жетіп болмаған адам ойының терең қатпарларына мифтер әлемі арқылы сапар шегеміз.

Әлем бейнесі туралы мифтік таным Ежелгі Қытай дүниетанымында дүниенің жаралуынан бұрынғы буалдыр, бей-берекет күйді, жер мен көктің органикалық тұрғыда біріккен біртұтас болмысы ретінде сипаттайды. Түрлі діни танымдар қалыптасқанға дейінгі бұл көне мифологиялық сюжет дүниежүзіндегі көптеген халықтарға ортақ болып келеді. Дегенмен, Қытайдың көне тарихи деректерінде дүниенің жаратылысы туралы алғашқы заттық-бейнелік образдардың сан алуан үлгілері сақталған. Осы мақалада біз түркі тілдес халықтардың дүниетанымындағы әлем бейнесіне қатысты мифтік танымдардың Қытай аңыздары мен көне тарихи материалдарында қалай көрініс тапқанын айқындайтын маңызды әрі қызықты деректерді талдауды мақсат етеміз.

### Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада көтерілген тақырыпты жан-жақты ашып, ғылыми тұжырымдар жасау үшін оның негізгі материалы ретінде Қытай деректеріне көбірек сүйендік. Сонымен қатар, көне Қытай, Грек, көне Түрік, Шумер және басқа тілдерде сақталған, тақырыпқа тікелей қатысты сөздер мен мифтік мотивтер салыстырмалы талдау кезінде қатар пайдаланылды.

Мақаланың зерттеу әдісі ретінде тарихи деректер мен архивтік материалдарға негізделген салыстыру, жинақтау және қорытындылау қолданылды. Әрі Қытай мифологиялық әдебиетіндегі әлем бейнесінің образына айналған символдар, заттық және адам бейнесіндегі образдарға талдау жасалып, олардың дүниежүзінің әртүрлі халықтарының мифтік образдарымен ұқсастықтары мен өңірлік ерекшеліктерге негізделген өзгеше қырлары көрсетілді. Мысалы, Қытай мифтерінде әлем бейнесінің адам кейпінде кездесетін образдар

Пань-гу, Фуши, Нұйуа сияқты кейіпкерлермен көрініс тапса, түркі тілдес халықтардың мифтерінде жиі айтылатын Адам ата мен Хауа ана образдарымен салыстырмалы түрде зерттеледі. Бұл салыстыру әлем бейнесінің мифологиялық қалыптасуы мен әртүрлі мәдениеттердегі көрінісін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Түркі тілдес халықтардың дүниетанымындағы әлем бейнесі туралы қызықты деректер Қытай мифтері мен ерте заманғы мәдениет тарихын зерттеген еңбектерде көп кездеседі. Бұл мақалада қытай деректеріндегі сол қызықты материалдарды бір тақырып аясында жинақтап жеткіздік. Аталған тақырып туралы материал қытайдың археологиясы, мифологиясы, фольклоры, мәдениет тарихы сияқты зерттеулерде кездеседі. Мақалада пайдаланылған материалдардың басты бірнешеуін атап өтейік:

Қытай ғалымы Инь Фа-лу (殷发录) «Қытайдың ерте дәуірдегі мәдениет тарихы» (中国早期文化史) атты кітабында қытай өркениетінің қалыптасу кезеңдерін археология, мифология, жазба деректер және философиялық дүниетаным тұрғысынан кешенді түрде талдайды. Әсіресе біз қарастырып отырған әлем бейнесіне қатысты архаикалық мифтері (Паньгу, Нюйуа, Фуси, Шэньнун, Хуан Ди) сөз болады.

Ие Шушань (Ye Shuxian) мырзаның «Қытайдың ерте заманындағы сырлы сандар» еңбегінде қытай өркениетінің ерте кезеңіндегі сандық символизм қарастырылады. Еңбекте:

- 1 – бірлік немесе дүниенің бастау көзі. Дао (道) ғылымы осы бірлікте.
- 2 – Инь мен Ян.
- 3 – үштік ұғымы: аспан – жер – адам.
- 5 – әлем құрлымы немесе дүниені құрап тұратын бес элемент.
- 6 – аспан қабаттары (алты қабат аспан).
- 7 – жер асты, өлілер дүниесі, тілсімдік.
- 8 – бағыттар мен кеңістік.
- 9 – шексіздік, биіктік, асқақтық.
- 10 – толықтық, кемелдік.

Бұл сандар арқылы автор ежелгі өркениеттің «кодталған» тілін, әлем жаратылысы туралы сырларды ашуға тырысады.

Нидерландтық синолог Роберт ван Гулик «Қытайдың ерте заманғы жыныс мәдениеті» (中国古代性文化) атты кітабында ер мен әйел арасындағы жыныстық қатынасты философиялық тұрғыдан талдайды. Бұл – Инь мен Янның үйлесуі. Инь мен Ян қытай мифологиясында адам тәні мен ғарыш арасындағы байланысты көрсетеді. Сонымен бірге кітапта жыныстық қатынасты адам тәнінің саулығы мен рухани тепе-теңдігі тұрғысынан қарастырады. Автор аталған тақырыпты тарихи және мәдениеттанулық тұрғыдан терең зерттейді.

### Талқылау

Түркі тілдес халықтардың дүниетанымындағы әлем бейнесі туралы деректер Қытайдың көне шежірелік әдебиеттер мен мифтерінде де көп ұшырасады. Мәселен, б.з.д. IV-I ғғ. аралығында құрастырылған «Шаньхайцзин» (山海經) атты кітапта әлемнің жаратылысы, тәңірлер мен рухтар, Түркілердің арғы ата-бабалары мекендеген Алтай, Тянь-Шань тауларына қатысты мифтер баяндалады (Richard, 2002). Жалпы он сегіз тараудан тұратын кітапта бес жүзден астам таулар мен үш жүздей су жолдары аталынып, олар мифологиялық әлеммен байланыстырыла түсіндіріледі. Бұл кейінгі қытай мифологиясында ең ықпалды тарихи құнға еңбектердің қатарына жатады.

Қытай тарихнамасының атасы атанған Сыма Цяньның «Ханнама» (史记) (Сыма Цянь, 1993) атты әйгілі шығармасында да Түркі халықтары туралы мол мәліметтер айтылады. Онда Ғұндар, Орталық Азия көшпелілері тарихы және көшпелі халықтардың дүниетанымы

баяндалады. Сондай-ақ онда түркілердің аспан денелеріне табыну, әлем бейнесі жөнінде мифтік ұғымдар айтылады. Ал б.з.д. II ғасырда яғни Батс хан патшалығы кезінде Лю Ан (劉安) жазған «Хуайнаныңзы» (淮南子) деген кітапта да әлемнің пайда болуы, Инь мен Яң, аспан мен жер қатынасы, уақыт пен кеңістік туралы түсініктер сөз болады. Бұл еңбек әсіресе тәңірлік дүниетаным, аспан мифтерін салыстыра зерттеу үшін аса құнды (Liu An, 2012).

Ежелгі қытайлардың дүниетанымында жер мен көктің жаратылуынан бұрынғы әлемнің бастапқы қалпы әрі заттық образдар, әрі антропоморфтық бейнелер арқылы сипатталады. Антропоморфтық кейіпкерлер ретінде Пань-гу<sup>10</sup>, Фуси<sup>11</sup> және Нұйуа<sup>12</sup> бейнелері көрінсе, заттық образдар қатарында қапақ, теңіз ұлуы, асқабақ, қауын тәрізді нысандар аталады (Ye Shu Xian, Tian Da Xian, 2018: 22-23 бб.). Бұл мифологиялық образдар ежелгі қытайлардың космогониялық түсініктерінде әлемнің тұтастығы мен бастапқы бірлігін бейнелейді.

Бұл «Киелі ұғымдарды» төменде мынадай екі үлкен мазмұндық топқа бөліп талдаймыз.

### *1. Қытай мифтеріндегі әлем бейнесінің символдары*

Қытайлар да өте ерте кезеңдерде түркі тілдес халықтар сияқты табиғатты тәңірлік күш ретінде танып, табиғат құбылыстарына табынған. Кейінірек әлемнің жаратылысы жөніндегі мифологиялық сенімдері тәңірлік, шамандық және өзге де архаикалық діни жүйелердің ықпалымен дамып, күрделене түсті. Әлемнің алғашқы бейнесі түркі халықтарының мифтерінде көбінесе «жұмыртқа пішіндес» болып сипатталса (Ғабитов, Кенжетай, 2005), қытай мифологиясында ол «теңіз ұлуы» немесе «қапақ» бейнесінде көрініс табады.

Әлемнің шар тәрізді немесе шеңбер пішіндес болып бейнеленуі – дүниежүзі халықтарының мифологиялық дүниетанымына ортақ құбылыс. Ежелгі қытайлық түсінік бойынша, осы домалақ пішіндегі қапақ ортасынан қақ жарылып, нәтижесінде жер мен көк екіге ажыраған. Бұл үдеріс қытайдың философиялық-мифологиялық жүйесінде Инь (陰) мен Яңның (陽) бөлінуімен түсіндіріледі. Инь – қараңғылықты, түнді, айды, әйел бастауын және әйелдік табиғатты білдірсе, Яң – оған қарама-қарсы ұғым ретінде жарықты, күнді, еркектік бастау мен белсенді күшті білдіреді (Yin Falu, 1989).

Осыған ұқсас космогониялық түсініктер түркі тектес халықтардың мифологиясында да кездеседі. Мәселен, көне мифтік сюжеттерде: «Баяғыда көк те, жер де болмаған, тек шетсіз-шексіз мұхит қана болған. Бір күні мұхиттың ортасынан ақ жарық пайда болып, одан нұр шашқан алтын жұмыртқа шыққан. Сол жұмыртқадан күллі әлемнің болашақ түп атасы – Тәңір жаралған», – деп баяндалады (Жанайдаров, 2006: 8). Тәңір алдымен Адам атаны жаратқан, кейін оның қабырғасынан екінші сыңары – Хауа ананы дүниеге әкелген. Инь мен Яңның біртұтас болмыстан екіге бөлінуі, Қытай мифтеріндегі қапақ пен түркі тілдес халықтардың мифтеріндегі алтын жұмыртқа – пішіндік әрі мағыналық тұрғыдан өзара ұқсас символдық жүйелерді құрайды.

Кейінгі кезеңдерде діни танымдардың ықпалымен әлем бейнесін бейнелейтін заттық образдар да өзгеріп, түрлене түсті. Мифологиялық әдебиеттерде әлем кейде Нұқ пайғамбардың кемесіне теңелсе, кейде халық тұрмысында жиі қолданылатын қауын-қарбыз, ұлу қабығы, қапақ, жұмыртқа сияқты домалақ пішіндегі заттарға ұқсатылып сипатталады (Қамзай, 1999: 69). Қандай образбен бейнеленсе де, дүниежүзі халықтарының танымында

<sup>10</sup> Пань-гу – (盤古, Pangu) Қытай мифологиясындағы аңызға негізделген алғашқы адам немесе әлемнің алғашқы тіршілік иесі. Пань-гу туралы аңыз бойынша, ол әлемді жаратқан және алғашқы тіршілік ретінде белгілі.

<sup>11</sup> Фуси (伏羲, Fuxi) – Қытай мифологиясындағы ең көне мәдени кейіпкерлердің бірі, адамзатқа өркениет негіздерін үйреткен данагөй билеуші ретінде құрметтеледі. Ол көбінесе жаратушы кейіпкер және алғашқы императорлардың бірі деп саналады.

<sup>12</sup> Нұйуа (女媧, Nǚwā) – қытай мифологиясындағы ең көне әрі аса маңызды аналық құдай-тәңір, әлемнің жаратылысы мен адамзаттың пайда болуымен тікелей байланысты киелі бейне.

әлем төртбұрыш немесе өзге пішінде емес, шар тәрізді тұтас құрылым ретінде қабылданғаны байқалады.

Бұл түсінік Египет, Грек, Қытай мифологияларында ғана емес, түп-төркіні Ежелгі Шумер мен Вавилон мифтеріне барып тірелетін «Тәурат» мәтіндерінде де көрініс табады. Аталған деректерде айрықша назар аударарлық жайт – әлемнің жарық нұрдан жаралуы туралы мифтердің кең таралуы. Мәселен, түркі мифологиясында әуелде қаптаған қара түнекті жарық нұр жарып, содан кейін тәңір жаратылғаны айтылады. «Тәуратта» да «Тәңір алдымен нұрды жаратты» деген тұжырым кездеседі (Тәурат, 2008). Ал Құранда «Алла он сегіз мың ғаламды жаратқанда әуелі жарық нұр иелері – күн мен айды жаратты» деп баяндалады (Мұхамет, 2003).

Бұл космогониялық сюжет қазақ фольклорында: «Бір Алла әуелінде нұр жаратқан, нұр дарияның түбінде мың жыл жатқан» деген поэтикалық жолдар арқылы көркем бейнеге айналған (Ыбыраев, 2009). Қытай дүниетанымында ер адамды алғашқы тәңір, жарық иесі ретінде қабылдауынан да осы терең мифтік идеялардың ізі аңғарылады.

Қытай мифологиясында әлем бейнесі кейде қапақ (асқабақ) образынан Пань-гу, Фуси, Нұйуа секілді антропоморфтық бейнелерге ауысып отырады. Аңыздық деректерге сүйене отырып тұжырым жасасақ, қапақ (немесе асқабақ) бастапқыда аталған еркек кейіпкерлердің емес, аналық бастау – Хауа ананың символдық образы ретінде қалыптасқан. Хауа ананың шын есімі «Хаууах» деп аталады. Қазақ тіліндегі «қауын», «кәуа», «қапақ», «қабық» сөздерінің түп-төркіні де осы атаумен сабақтас деп қарастыруға негіз бар.

Қытай дәстүріндегі Хауа анаға сәйкес келетін бейне – Нұйуа. Ал Мияо (Мяо) халықтары Нұйуаны «Ку-ех» деп атайды (Қамзай, 2007: 129). Бұл атау «Хаууах» сөзінің дыбыстық түрленген нұсқасы болуы ықтимал. Өйткені қытай мифологиялық жүйесінде Адам ата бейнесі көбінесе Фусимен алмастырыла айтылады. Асқабақтың (қапақтың) ерте кезеңдерде Африкадағы Нигер өзенінің бойында және Оңтүстік Үндістан аумағында кең таралғаны белгілі. Осыған байланысты әлем бейнесін қапақпен байланыстыратын мифологиялық сюжеттер дәл осы өңірлерде молынан кездеседі. Аталған аймақ халықтары қапақты әйел жатырының символы ретінде қабылдаған. Бұл түсінік қытай жазуындағы Инь (阴) ұғымының мәнімен де өзара сәйкес келеді.

Көне түркі тілінде «Қапақ» сөзі арулар бойындағы асыл қасиеттің баламасы ретінде қолданылған. Осыдан келіп қапақ Хауа ана образының орнына жүретін символдық атау ретінде орныққан деп айтуға болады. Демек, қапақ – аналық жынысқа, аналық қауымға табынудың көрінісі. Сондықтан да фольклорлық дәстүрде Адам атадан бұрын Хауа ананың ауызға алынуы заңды құбылыс болып табылады.

Қытай мифтерінде адамзаттың ең көне арғы тегі саналатын мифтік кейіпкер ретінде Хуа Шүйшы (华胥氏) аталады. Оның да символдық баламасы – қапақ. Аңыздарда Хуа Шүйшы Нұйуа мен Фусидің анасы ретінде сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, ол аналық бастау мен аналық үстемдікті білдіретін архетиптік тұлға болып есептеледі.

Дүниенің жаратылудан бұрынғы бастапқы қалпын Орта Жазық елінің<sup>13</sup> мифологиялық дәстүрінде «Хундун» деп, ал Гректер бұл бастапқы күйді «Хаос», Египеттіктер «Ну» деп атаған (Garry J. Shaw, 2019). Түркі тіліндегі «Күн» мен «Түн» сөздерінің біріккен мағынасы ретінде қарастырылатын «Хаос» ұғымы да «Хаууах» (қапақ, қауақ, қауыз, қабық) атауының варианттанған нұсқасы ретінде түсіндірілуі мүмкін. Бұл атаулардың барлығы жер мен көктің, жарық пен түнектің, күн мен түннің әлі ажырамаған, тұтас әрі бей-берекет қалпын білдіреді.

Египеттік мифологиядағы «Ну» – жер әлемді түгелдей қоршаған алғашқы су стихиясы. Қазақ тіліндегі «Жарық», «Сәуле» мағынасындағы «Нұр» сөзі, сондай-ақ моңғол тіліндегі

<sup>13</sup> Орта Жазық – ежелден қытайлардың негізгі қонысы болған аймақ. Бұл өңірде көне замандарда түркі халықтарын құраған көптеген тайпалар өмір сүріп, кейін біртіндеп қытай этносына сіңісіп кеткен.

«Көл» мағынасында қолданылатын «Нур» атауы да осы түсінікпен төркіндес. «Қытайдың ерте заманындағы сырлы символдар» атты еңбекте Даосистердің кейін «Дао» (道), ал тағылымшыл философиялық мектептердің «Тайцзи» (太极) деп атаған ұғымдары да дүниенің жаратылудан бұрынғы осы буалдыр, дүдәмал қалпын білдіретіні айтылады.

Египет мифологиясында күн тәңірі Ра су тәңірі Нумен қатар туып, шексіз-шетсіз судың бетінде айналасына жарық нұр шашып қалқып жүрген алтын жұмыртқа бейнесінде дүниеге келеді. Күн тәңірінің<sup>14</sup> таңғы алакеуімдегі күйінде – Кепера, күндізгі бейнесінде – Ра, ал кешкі қалпында – Там деп аталады. Оның бастапқы, нұр тәңірі ретіндегі есімі Атум болған. «Ра» – оның күн тәңірі ретіндегі, ал «Там» – ай тәңірі ретіндегі атауы. «Ра» ұғымының графикалық таңбасы – «О», яғни Қытай тіліндегі күн мағынасын білдіретін «日» иероглифінің бастапқы формасына сәйкес келеді.

Негізінде ай тәңірі мен күн тәңірінің қызметін қатар атқарып, әлемге жарық сыйлаған «Алтын жұмыртқа» бейнесінде дүниеге келген бұл тәңірді жай ғана Ра деп емес, Атум деп аталған кезеңіндегі символдық бейнесі «<sup>15</sup> болуға тиіс (Ye Shuxian, Tian Daxian, 2018: 18-20). Бұл да әлемнің алғашқы бейнесін домалақ, тұтас құрылым ретінде қабылдаған көне дүниетанымдардың ортақ белгісін айқын көрсетеді.

«» символы адамзаттың ең көне семиотикалық белгілерінің бірі ретінде пиктографиялық жазулар дәуірінен бастап қолданысқа енген. Бұл символ Эскимостар мен Наши халықтарының пиктографиялық жазу жүйелерінде де кеңінен кездеседі. Алайда Эскимос жазуындағы шеңбер таңбасының нақты қандай ұғымды білдіретіні немесе белгілі бір нысанның бейнесі екені әлі күнге дейін толық айқындалмаған. Ал Наши халқының пиктографиялық жазуында «» белгісі Ежелгі Египеттіктердегі түсінікпен сабақтасып, Нұр тәңірін білдіретін жұмыртқа образының символдық көрінісі ретінде танылған.

Мифологиялық дүниетанымға сәйкес, ең алғашқы нұр тәңірі – Эфир болып саналады. Грек мифологиясында Эфир Хаос пен Эребтің (түнек, қараңғылық) немесе Эреб пен Никстің (түн) егіз ұрпағының бірі ретінде сипатталады. Қазіргі ғылыми ұғымда Эфир көбіне әуе кеңістігімен теңестірілгенімен, көне дәуірлерде бұл түсінік көк күмбезді, яғни қазіргі астрономиялық терминологиямен айтқанда аспан сферасының ең сыртқы қабатын білдірген.

Ежелгі Қытай дүниетанымында да бұл қабат ерекше мәнге ие болған. Даосистік ілім өкілдері аспан кеңістігінің ең жоғарғы бөлігін «Жоғары тұнық қабат», «Мөлдір қабат» және «Айрықша нұр шашқан қабат» деп үш деңгейге жіктеп қарастырған (Ғабитов, Кенжетай, 2005: 147). Бұл жіктеу аспанның тек физикалық кеңістік емес, сонымен қатар сакралды, нұрмен астасқан болмыс ретінде ұғынылғанын аңғартады.

Мифологиялық таным бойынша, жұлдызды аспан мәңгілік өзгермейтін хрусталь сфера іспетті деп қабылданып, оның сыртқы қабатын құдайлар мекендейді деген түсінік орныққан. Осылайша «» символы – аспанның тұтастығын, мәңгілігін және жарықпен сабақтасқан ғарыштық тәртіпті бейнелейтін әмбебап мифтік белгі ретінде түрлі мәдениеттер дүниетанымында көрініс тапқан.

### *1.1. Піл тісі сүйегінен жасалған тарақ бетіне бедерленген әлем бейнесі*

Қытайдың көне тарихи деректерінде сақталған бірегей артефакт – піл сүйегінен жасалған тарақтың бетіне ойылып түсірілген сурет ерекше назар аудартады. Тарақ бетіне бедерленген бұл өрнектер әлем бейнесін пиктографиялық жазу арқылы бейнелейтін күрделі символдық жүйе болып табылады. Қытай зерттеушілері аталған бейнені төмендегідей түсіндіреді.

<sup>14</sup> Нұр тәңірі деп те аталады, өйткені бұл кезде ол күн мен айдың қызметін тең атқарып әлемге жарық беретін бірден-бір тәңір еді.

<sup>15</sup> Бұны шеңбер немесе жұмыртқа пішіндес образ ретінде қарастыруға да болады.



1-сурет. Піл тісі сүйегінен жасалған тарақ. Неолит дәуіріне жататын археологиялық қазба мұра. Бұл сүйек тарақ 1959 жыл Қытайдың Шандунь өлкесі Таянь қаласындағы Да Вэнькоу қазба алабынан табылған.

Қазір Пекин қаласындағы мемлекеттік мұражайында сақтаулы

Тарақтың ортаңғы бөлігінде «S» формасын қалыптастырып тұрған қытайдың «三» иероглифіне (таңбасына) ұқсас көлденең сызықтар орналасқан. Бұл сызықтардың жалпы саны – он бес. Олардың ішінде өзгелеріне қарағанда қысқалау орналасқан екі сызық «三三» формасында айқын көрінеді<sup>16</sup>. «S» таңбасының жоғарғы және төменгі шеңберлерінің ішіне жеке-жеке «T» және «└» белгілері ойылып салынған. Сонымен қатар тарақтың жоғарғы жиегіне қатарынан үш «○» таңбасы бедерленген. «S» формасының сол және оң жақ қапталдарында үш-үштен тік сызық – «|» бейнеленген.

Суреттегі «└» және «T» белгілері Қытай жазуындағы «上» және «下» иероглифтеріне ұқсас. «上» – жоғары, аспан; «下» – төмен, жер деген мағыналарды білдіреді. Осыған сәйкес аталған белгілер аспан мен жердің, яғни Инь мен Янның өзара ауысуы мен қозғалысын бейнелейді. Ал тік сызық «|» аспан мен жердің арасындағы жалғастықты, байланысты меңзейді. Дөңгелек пішіндегі «○» таңбасы күнді, айды және жұлдыздарды білдіретін космогониялық символ ретінде түсіндіріледі.

Суреттегі «S» формалы таңба шамандық наным бойынша үш қабат әлемнің – жоғарғы (аспан әлемі), орта (адамзат әлемі) және төменгі (жер асты әлемі) дүниенің символы болып саналады. «└», «T» таңбалардың «S» тың жоғарғы және төменгі шеңберінің аралығына орналастырылуында үлкен мән жатыр. Үстіңгі шеңберде «三»<sup>17</sup> таңбасынан жиы алты, төменгі шеңберде жиы жеті «三» таңбасы орналасқан. Мұндағы үстіңгі шеңбердегі алты «三» таңбасы алты қабат аспанды, төменгі шеңбердегі жеті «三» таңбасы жеті қабат жерді көрсетеді (Feng zhengao 1995: 210). Қазақ тілінде жиы айтылатын «Алты қабат аспанның арғы жағы», «Жеті қабат жердің асты» дейтін фразеологизмнің шығу төркіні де дәл осы шамандық дүниетанымнан келгені анық. Түркі тілдес халықтардың фольклорлық әдебиетінде кездесетін «Алты бейіш», «Жеті тамұқ» дейтін мифологиялық ұғымдар төркіні де осымен жалғасып жатқандай. Әрі олар бейіш – биік аспан, нұрлы ғаламда да, ал тамұқ – қараңғылықта, жер астында деп түсінген.

Тарақтың жоғарғы жиегіне салынған үш «○» көк күмбездің (кішкене шеңбердің) яғни аспан сферасының сыртындағы «Үш тұнықты» (жоғарыда айтылған) меңзейді. «S» тың екі жанынан үш-үштен орналасқан тік сызықтар «|» мифологиялық таным бойынша айтқанда аспан, адам және жердің символы болуы мүмкін. Бұл арада аспан мен жерге теңесер бірден-бір алып – Адам. Ежелгі Египет иероглиф жазуының демотик үлгісінде бұл таңба Ра (күн

<sup>16</sup> Меніңше, қатар келген «三三» формасындағы бұл сызықтардың өзгелерінен қысқа болуы пәлендей бір мән жасырмаған сияқты.

Мүмкін сынимдылық үшін қысқа сызылған да болар.

<sup>17</sup> Қытай тіліндегі үш деген иероглифінің жазылуына ұқсайтын көлденең тартылған сызықтар.

тәңірі) ұлының дүниеге келуінің символы болып табылатын «Р» иероглифінің орнына қолданылған. Ал осы «Ра» белгісін Еуропалықтар «O» көз таңбасының арифметикалық бейнесіне қолданылған. «O» финика жазуында «Айн» деп оқылып, «Көз» мағынасын білдіреді (Сүлейменов, 1975). «Айн» – Ежелгі шумер тілінде «Аспан», «Жұлдыз» мағынасында, түркі тілінде «Ай» мағынасында қолданылған, яғни бұ арада «Ан» буынның диалектілік нұсқасы.

Оның «Көз» мағынасын білдіруіне келсек, ол Египеттің күн тәңірі Раның ай тәңірі Хорды өзінің көзінен жаратқандығына байланысты. Қытай тілінде «Ай» мағынасында қолданылатын «月» иероглифінің алғашқы нұсқалары (    月 ) Шумерлердің иероглифтік жазуларында көз ұғымын білдіретін «G» иероглифіне негізінен ұқсайды. Қытайда көз мағынасында қолданылатын «目» иероглифінің алғашқы нұсқалары «    » Ежелгі Египет жазуындағы «Ай» ұғымын білдіретін «  » иероглифі мен «көру» мағынасындағы «  » иероглифінен онша парықталмайды. Финика жазуы Египеттің иероглифтік жазуынан төркін алады. Нақтылап келгенде финика жазуындағы «  » ның арғы төркіні Египеттің «  » иероглифі болуы мүмкін. Күн тәңірі Раның ай тәңірі Хорды өзінің көзінен жаратқанына орай иероглифті түнгі аспан аясындағы ай деп те, көз деп те тануға болады. Демек, бұл халықтарда айдың, жұлдыздың атауы «Түнгі аспан» ұғымына да қолданылған. Египеттіктердің «Ра» деп оқыған «O» иероглифін «Ре» деп оқыған Орта Жазық халқы «  » иероглифін Ежелгі Шумерлер мен Түркілер де (қытайша «暗» деп жазылып «ан» деп оқылады) «Ан» деп оқыған. Мифологиялық ұғым бойынша ай дегеніміз жалыны сөнген күн. Ал «暗» иероглифі Қытай тілінде күннің нұрсыздануы деген ұғым береді.

### 1.2. Қастасы жармағының бетіне бедерленген әлем бейнесі

Көне Түркі мифологиясында алғашқы адам үңгірден шыққан дейтін аңыз айтылады. Бұл аңызды қазақ фольклористтері С. Қасқабасов, С. Қондыбаев қатарлылар жазды. Осы ойға байланысты мынадай зерттеу деректер арқылы пікірімізді ары қарай талдап таратып айтамыз. «Мен» есімдігінің Көне Шумерлік нұсқасы «Ме», Түркілік нұсқасы «Мен» (бен, бин, ман, бан). Бір сөздің екі тілде осындай аздап парықты қолданылуы жөнінде Олжас Сүлейменов «Аз и Я» кітабында: «Көптеген түркі сөздері шумер сөздерінен мұрын дыбысты журнақтарымен ерекшеленеді. Кейбір Алтай тілдерінде «Н» дыбысы есімдіктерге жалғанып үлгірмегені байқалады» деген пікір ұсынады (Сүлейменов, 1975: 282). Бұған Моңғолдардың «Мен» сөзін «Би» деп айтатынын мысал қылып көрсетеді.



2-сурет. Шығыс Хань дәуіріне жататын археологиялық құны аса жоғары Қастасы (玉璧) бұйымы. 1986 жылы Шандүн өлкесі Шинжу қаласы Таньфаң қалашығы Мажияжүндегі қабырыстаннан табылған. Қазір Шинжу қалалық мұражайында сақтаулы.

Олжас Сүлейменовтің жорамалы бойынша «Мен» сөзі көне шумер тілінде ғана емес, одан да ертеректе көне түркі тілінде де «Ме» (бе, би, ма, ба) түрінде қолданылған. «Ме» (ма) буындары көне түркі және түркі тілдес халықтардың тілдеріндегі аналық жыныс атауының кері айналдырылып айтылуы болып табылады. Ал «Ба» буынының кері айтылуы «Аб» көне

шумер тілінде «Есік» мағынасында, көне түркі тілінде «Үй» мағынасында қолданылған. «Аб» сөзінің иероглифімен таңбаланатын «Еш» буыны дәл мұның керісінше көне шумер тілінде «Үй» мағынасында, және осы «Еш» түбірінен жасалған «Ешік» сөзі көне түркі тілінде «Есік» мағынасында қолданылған.

Түптеп келгенде, «Есік» сөзінің мағынасы «Аналық жыныс» ұғымына тығыз байланысты екенін байқаймыз, өйткені мифологиялық аңыз бойынша айтқанда адамдар тесіктен (үңгірден) шыққан деген таным да осыған келіңкіреді. Қытай ғалымы Жау Гоxuаның қарауынша алғашқы адамдар аналық жынысқа табынудың үш кезеңін бастан кешті. Бірінші кезеңде олар бар ықыласын жаңа тірлік дүниеге келетін «Есікке» ғана аударды. Әйелдердің жыныс мүшесіне ұқсатып жасалған қыш сақина, тас сақина сияқтыларға мінәжат етті (Robert van Gulik 1990). Мысалы, ақ түсті қас тасынан жасалған мына жармақты (суреттегідей) осындай мінәжат бұйымдарының бірегейі дер едік.

Қас тасы сақинасының ортасындағы тесігі – жаңа тірлік дүниеге келетін есіктің символы. Лао Цзының (б.з.д. 571 - 470 ж.ж. өмір сүрген) әлемнің түпкі тегіне, әлемдегінің бәрінің туған анасына балай отырып, түпсіз тұңғыық шыңыраудың есігі (бұл сөз қытайша нұпнұсқасында 玄牝之门 деп жазылады) деп атағаны да осы тесік. Бұдан шығар түйін мынау: Әлем жаратылысның негізі есік, одан шыққан туынды мен (яғни тіршілік иесі). Тендеу арқылы көрсетсек: Есік = Мен.

Лао Цзы «Түпсіз тұңғыық шыңыраудың есігі» деп сол «Киелі Шеңбердің»<sup>18</sup> центір көзін (ноқат, ішкі шеңбер немесе сызық, тілік) айтқан еді. Сондағы «Түпсіз тұңғыық шыңырау» мағынасында қолданылған «玄牝» сөзінің «牝» бөлегі біріншіден аң-құстардың ұрғашысы. Екіншіден, құлыптың серіппесі, есіктің тиек ағашы сұғынып тұратын қуыс дегенді білдіреді. Осы тектес қуысына, ұңғысына өс, білік, тиек бекітілген есіктің ұршығы, диірменнің тасы, арбаның доңғалағы сияқты тұрмыстық бұйымдар мен өндіріс құралдары, О. Сүлейменовтың сөзімен айтқанда «Кәдеге асқан символдар» рухани әлемде Аспан ата мен Жер ананың, Нұр ана мен Нұр атаның қауышуының, іс жүзінде өмірде ер мен әйелдің ортасындағы жыныстық қосылыстың нышаны етілген. Айталық, жер мен көкті Жаратушы Тәңір жасағанда жердің үлкен, аспанның кішкене болып қалғанын байқайды да, екеуі біріне-бірі дәл беттесетін болсын деп жердің бүйірінен қысқанда жер бетінде тау-адырлар пайда болады-мыс. Фуши мен Нұйуа, Ян мен Гу сияқты ағалы-сіңілілер некелену алдында екеуі екі таудың басына шығып, біріне-бірі қарсы домалатқан диірмен тастары дәл беттесіп түскен соң барып некеленеді (Yu Peilin 2017).

### *1.3. Әлем бейнесінің ерте заман жыныс мәдениетімен байланыстара зерттелуі*

Қауымдық дәуірде адамдар ұрпақ сүйіп, көбеюін тәңірлердің шапағаты арқылы болады деп сенген. Суретте қалқан мен найза пішінінде ер мен әйелдің жыныс мүшелері бейнеленген. Сиқыршы-бақсылар ер мен әйелдің жыныс мүшелерінің моделін жасап, сиқырлау, дуалау арқылы тәңірдің сыйына ие болады деп есептеген. Адамның жаратылыс тегін әйел жынысына байланыстырып ойлау ежелгі халықтардың барлығына тән. Бұл жерде әйел жыныс мүшесі бүкіл тіршіліктің бастау көзі, шығу есігі ретінде қарастырылады.


Жынысқа, әсіресе жыныстық қосылысқа табыну тұрғысынан алғанда, садақ пен жебе немесе жебемен атылатын нысана жалпылық сипат алатын символдар деуге болады.

Гректердің махаббат тәңірі Еростың алтын жебесі тәңір болуына яки адам болуына қарамай, кімді көздеп атса да, соған дәл тиеді. Және олардың махаббат сезімін оятады. Сондай-ақ оларда мемлекет істерін басқарудағы парасаттылықпен, жауға қарсы қаһармандықпен қатар, жыныстық тұрмыстағы қабілеттілік мемлекет билігін жүргізуге толымдылықтың маңызды шартына айналған. Египет перғауындары өздерінің туған күнін

---

<sup>18</sup> «Киелі Шеңбер» деген бұл балама терминды тұңғыш рет мен айтып отырмын. Ал Лао Цзының «Түпсіз тұңғыық шыңырау» деп отырғаны да осыған жақын баламалы (яғни сөз-символ) сөз.

атап өту салтында, біріншіден, өзінің данышпан патша, екіншіден, жаудан қайтпаған батыр, үшіншіден, ұрпақ қалдыруға керемет қабілетті еркек екеніне өз уәзірлерін сендіруге тиіс болған.



3-сурет. Бұл Жапониядағы «жыныстық табыну» (фаллизм) мен ежелгі діни наным-сенімдерді көсететін қарапайым сурет. Бұл сурет Жапониялық ғалым Сасама Ёсихиконның (笹間良彦) 2019 жылы Қытай Сычуань халық баспасынан жарық көрген «Жапонның тарихи салт-дәстүрлерінің суреттері» (日本历史风俗图录) атты кітаптан алынды.

Дүниенің де, адамзаттың да арғы тегінің заттық образы – қапақ немесе күн формалы шеңбер. Біздің көңіл аударатынымыз сыртқы шеңбер емес, оның шкі мәнін білдіретін нокат. Мифологиялық дүниетаным бойынша дүние алғаш жаралғанда үш бөлектен құралған, яғни «Жоғарыда аспан, төменде кара жер пайда болған шақта екеуінің арасында адам баласы жаралған» (Жолдасбеков, 2001: 28). Сол заманның адамы осы үшеуін әлемдегінің бәрінен зоры (алыбы) деп санағандықтан тағылымшылдар «Тайжи» деп, ал дауистер «Дау» деп атаған күн жолының символы болып табылатын тұйық шеңбер адам бейнесінде келтірілген, яғни «○» таңбасы «大» иероглифіне айналған.

Әсілі, «太» иероглифі «大» иероглифінен кейін қолданысқа кірген. «太» иероглифінің арғы төркіні «大» иероглифі, ал «大» иероглифінің төркіні ортасында ноканы бар тұйық шеңбер. «太» иероглифінің бәлкім Лао Цзы философиясымен замандас болуы мүмкін. Оның символдық мәні «○» ның символдық мәнімен бірдей. Шеңбер ортасындағы нокатты (тесікті) Шумерлер «Шап» дейді. Сол нокатты шеңбер екі түрлі сипатқа ие. Бірі жоққа (无), бірі барға (有) тәуелді. Әйел жыныс мүшесі жоққа (нөлге) ұқсайды. Ол келесі бөлегімен ғана толық мәнге айналады. Мұны Лао Цзының философиясымен түсіндірсек: «Әлемдегінің бәрі бардан өрбиді, бар жоқтан өрбиді». Оның «Жоқ» дегені – белгісіздік, «Бар» дегені – Белгілілік. «Даудың» (道) белгісіз қалпы – Хүндүн (混沌) яғни буалдыр болмыс. Белгілі қалпы «бір» (一)<sup>19</sup>. Сондықтан бұлар дүниенің түп тамыры ретінде бірін екіншісі толықтап, жұптасып өркен жаяды (Ye shuxian, tian daxian 2018: 229).



4-сурет.

Неолит

дәуіріне (шамамен б.з.б.

<sup>19</sup> Бұл көлденең сызық Қытай тіліндегі бір иероглифін көрсетеді. «一» деп жазылады, «уі» деп оқылады.

10000 – 2000 жж.) жататын археологиялық қазба мұра. Бұл сурет Қытайдың белгілі антрополог ғылымы Е Шыусянь (葉舒憲) мырзаның 2008 жылы Үннәнью оқу-ағарту баспасынан жарық көрген «Хыши дәлізі: Батыс өңір мифтері мен Қытай өркениетінің бастаулары» 《河西走廊：西部神话与华夏源流》 атты кітаптан алынды.

Ақ түсті қас тасынан жасалған жармақты Иүешілер<sup>20</sup> (月氏) ақша орнында істеткен. Бұл асыл жармақ әуелде олардың ана аруағына сиынудың, аналық жынысқа табынудың символы ретінде тағып жүретін бойтұмары немесе Иүешілердің ұлттық гербі болған. Бұл – қолдан жасалған қапақ символының, яғни ноқаты (тесігі) бар шеңбердің дәл өзі. Қапақтың ішкі қуысы жармақтың ортасындағы тесігі. Ал тесікті қоршап тұрған айналасындағы жалпақшалау сыртқы шеңбері. Орта Жазық елі оның ортаңғы тесігін «好» деп, жалпақша (немесе сопақша) сақинасын «肉» деп атаған. Қапақтың ішкі қуысы – «Даудың» екі жақтылы сипатының бірі болып табылатын жоқтың (无), ал оның айналасындағы еті – бардың (有) символы. Сонымен қатар, қыз (女) бен жігіт (子) символдары мінгестіріліп жасалған «好» иероглифі қапақтың ішкі қуысының Инь мен Янның қызметін тең атқаратынын, әрі «Бар» қабілетіне де ие екендігін білдіреді (Иуан Хы 2015). Қапақтың ұрығының оның ішкі қуысында пайда болуын «Бардың» яғни Инь мен Янның өзара әсерінің жемісі деп білген дұрыс.

Орта Жазық елі «好» деп атаған тесіктің орнын, яғни суретте көрсетілген асыл жармақтың дәл ортасын Шумерлер «Шап» немесе «Шэг» деп атаған екен. Түркі халықтары бұл сөздерді етістік орнында, яғни дәл ортадан «қақ жару» мағынасында қолданыпты. Бұл сөздер сөз жоқ «Дүниенің жаралу барысын, жер мен көктің жігінің ажырауы, Инь мен Янның бөлінуі дегенге меңзес, қапақтың дәл ортасынан қақ айырылуы түрінде суреттелетін» мифологиялық әдебиеттің тілінен келген (Ли Иүнфу 2010). Мифологиялық әдебиетте адам баласының өсіп-өну, ұрпақ қалдыру барысы да дүниенің жаралуы сияқты «қапақ жару», «қауын тілу» деген секілді образды тіл арқылы бейнеленеді. Жапониялық ғалым Жи Тянь мырза қапақты арулардың бойындағы асылына балаудың себебін ер мен әйелдің қосылу әрекетін әйел тәнінің қапақ жарғандай тілкімденуіне ұқсатудан деп қарайды (У Шүңу 1992: 68).

## 2. Әлем бейнесінің заттық образдардағы көрінісі

Олжас Сүлейменов «Таңбалар тілі» кітабында: «тілу», «тілік», «сызық» сөздерінің көне шумер тілінде де, түркі тілінде де «аш» сөзімен мағыналық бірлігі бар екенін айтады. Мұның өзі жапон ғалымы Жи Тянь мырзаның айтқанындай аналық жынысты жер мен көктің «Бірден екі» болып «Жігі ашылар» сызығы іспетті көкжиектен көрінетін қызыл арай таңғы шапақ пен кешкі шапақтың немесе өз бойына біткен жік сызықтарын бойлата жарылатын, тілінетін асқабаққа, қауын-қарбызға (символға айналғандықты) балағандықты түсіндіреді.

Олжас Сүлейменов аталған еңбегінде: «Тым ертеде, адамзаттың таң шапағы жаңадан атып келе жатқан дәуірлерде, көптеген тілдер сөздік қорын енді ғана бастаған тұста, сөз бір символдың емес, дараланбаған, жалпы дерексіз символдың атауы ретінде туды да, жазба бейнені ұғындыру арқасында жергілікті әрі жаңа мағынаға ие болу қалыптасады. Кейіннен иероглиф (идиограмма) жоғарылады. Бірақ иероглиф атауынан туган оның ізі сөзге орнығады. Әрбір киелі иероглиф дінімен бірге сөйіл құрып тарай отырып, жергілікті жазу абыздарының символды поэтикалық тұрғыдан оқуы арқасында жүздеген жаңа ұғым яғни сөздер туғызады» (Сүлейменов, 2014: 228).

«〇» символын дәл сондай дараланбаған, жалпы дерексіз символдың бірі деуге болады.

20 Ежелде Орта Жазық елі жағынан Иүеші деп аталған қас тайпаларының кейінгі ұрпағы. Қытай деректерінде Иүеші тайпалары көбіне екіге бөлініп аталады: 大月氏 (Dà Yuèzhī) — Ұлы Иүеші, 小月氏 (Xiǎo Yuèzhī) — Кіші Иүеші.

Ол «күн», «ыстық», «жарық» және «құдай» деген мағынаны білдірген. Бұл мағыналардың бәрі де «күн» ұғымынан туғандай болып көрінуі мүмкін. Шынтуайтқа келгенде, мұның бәрі де «құдай» ұғымынан туындаған. Өйткені бұл символ бәрінен бұрын бойына ерекше бір құдыретті күш жасырынған – Ий алатын эфирдың яғни мына әлемнің жер мен көкке, ай мен күнге, күндіз бен түнге жіктелуден бұрынғы бір бүтіндігінің символы.

Әлемнің «Жоқтан бар» немесе «Дадан бір» болып жаралуына орай ең алдымен тұйық шеңбердің ( «О» ) ортасында бір нокат пайда болды. «Шеңбер ішіндегі нокатты Күн ұлының яки тайпаның арғы атасының символы деп санау жөніндегі пайым Ра-бен – Ра-ұл атауына бекіді» (Robert Graves, 2022). Ал біз бұл атауды Грек мифологиясында «Нақтылы образы әлемнің жалпыға бірдейлігі мен бір бүтіндігінің абстрактілі бейнесіне айналған» (Robert Graves, 2022) Пан (番) мен Қытай мифологиясында жер мен көктің жігін тұңғыш рет ашып дүниеге келген Пангушы (盘古氏) есімнің Семиттік нұсқасы деп білеміз. Нокаттың символдық мәнін түрліше халықтардың түрліше түсінуіне байланысты Түркі халықтарының тілінде жіктеу есімдігінің бірінші жағын білдіретін «Мен» мен Қытай тіліндегі «Есік» ұғымын білдіретін « $\text{I}$ » Ежелгі Семит тілінде «Бен» формасын алды да, «Ұл» мағынасына ауысты. Бұл жайындағы О. Сүлейменовтың пайымына назар аударсақ: Семиттер «Ра-ұл» таңбасының мәнін толық түсініп болған соң осы ұғымды баянды ету ниетімен қасиетті символды бұзуға бел байлады. Раның ұлы ішінен шығады. Сөйтіп жаңа иероглиф шеңбердің төменгі жағынан бір сызық тартылады<sup>21</sup>. Атауы бұрынғыша... Ра шаранадан шыға атау тіленеді. Құбылысты атаусыз қалдыруға болмайды. Семит абыздары баланың есеюіне мұрындық болады. Өйткені жаңаша ол есім: «Ра-иш» яки шеңберден шығатын сызық «Ра-еркек» болып табылады (Сүлейменов, 1975: 226).

Ө. Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабында «Құдай табы» деген атпан берілген мына сөздерге назар аударайық: (Сүлейменов, 2014: 228).

1-кесте. Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабынан алынды.

| Құдай табы |                                                                                           |                                                                                                                                                                 |
|------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 5          | АШ сызық, бір (единица)                                                                   | АШ (ЕШ, ЕС, ИШ) кес, тілгіле. Жасанды түрлері: КЕШ (КАС, КЕС, КИС) кес, сыз.                                                                                    |
| 6          | ИШИ тозаң, шаң, құм<br>Аккад тілінен ауысқаны:<br>ИШ кішкентай, мүлде<br>кішкентай, атом. | ПЕШ (ПАС, ПИШ, ПИС) кес, сыз.<br>ИШ (ЕШ) мүлде кішкентай, атом (жалпы түркі).<br>КИШИ (КИЧИ) кішкентай (жалпы түркі).<br>ПИШИ (БИЧИ), БИШИ кішкентай (диалект). |
| 7          | ДИЛИ сызық, бір<br>(единица).                                                             | ТИЛИК (ТИЛИ, ДИЛИК, ДИЛИ), сызық, тілік<br>(жалпы түркі).<br>ТИЛЬ (ДИЛЬ) тырна, тілгіле сөзінен түзілген.                                                       |
| 8          | ДЕШ нүкте, бір<br>(единица).                                                              | ТЕШИК (ДЕШИК, ТЕСИК) нүкте, тесік (жалпы түркі).<br>ТЕШ (ДЕШ) «тес», «нүкте жаса» деген сөздерден түзілген.                                                     |

«Құдай табынан» біз Шеңбердің ортасындағы нокатты Ежелгі Шумерліктердің «Деш» деп, Түркі халықтарының есімдік орнында «Тешік» (дешик, тесік), етістік орнында «Теш» (деш, тес) деп атағанын көреміз. Ортасында нокаты бар шеңбер дегеніміз ортасы тесік яғни көнсенрлі шеңбер дегендік болып табылады. Қасиетті символды бұзудың нәтижесінде шеңбердің ортасындағы нокат шеңберден яғни ішкі шеңбер сыртқы шеңберден шығарылып, Шеңбердің төменгі жағынан бір тік сызық тартылады да, нокат яғни нокаттың орнындағы

<sup>21</sup> Шығыс жазу әлпбинде Р, Батыс Грек әлпбинде екі сәулелі. Латын әлпбинде де осыған ұқсас Ра-исуска қарай алғашқы қадамын жасады.

кішкентай шеңбер (○ тік сызықпен ( | ) ауыстырылады.

Ежелгі Еврей, Грек жазуларында және Кириллицяда әріп ретінде «И» деп оқылатын осы « | » таңбасының сандық мәні де он. Қытайдың қазіргі жазуында «十» (яғни 10 сифрының жазбашасы) иероглифінің алғашқы нұсқасы да осындай жалғыз тік сызық. «Ра» атауы бұрынғыша қала береді. «十»-дың « | » мен ауыстырылуына сәйкес «Беннің» орнына «Иш» келеді. Сонымен «Ра-бен – Ра-ұл» енді «Рра-иш – Ра-еркек» болып аталады. Мына әлемнің жоқтан бар немесе «Дадан бір» болып жаралуына орай тұйық шеңбердің ортасында пайда болған жалғыз нокатты яғни көнцентрлі шеңбердің ішкі шеңберін немесе оның шеңберді жарып шығуының символы болып табылатын жалғыз сызықты символ еткен әлемдегінің бәрінің бір ғана арғы тегі, затында, гүлдің тозаңы, адамның, хайуанаттың ұрығы, тұқымы, дақылдардың дәні сияқты өсіп-өну, өрбу қабілетіне немесе клетка, атом сияқты бөліну, ыдырау қасиетіне ие өте кішкентай бөлшек болуға тиіс.

Құдай символы – «○» иероглифінен туған осы кішкентай бөлшек атауының орныққан тианағы Ежелгі Шумерлердің «Иши», Аккадтықтар мен Түркі халықтарының «Иш» сөзі екенін де «Құдай табы» анық көрсетіп тұр. Бір ғана арғы тек деп танылған, сол үшін де әлемдегінің бәрін, соның ішінде адам баласын да бір өзінен өрбітуге қабілетті болған бұл кішкентай бөлшек Дадудың өзі сияқты екі жақтылы сипат алады. Инь мен Янның бірлігінен тұрады деп білген қытайлық Дауистер мен Тағылымшылдар оның символы ретіндегі жалғыз нокатты яғни көнцентрлі шеңбердің ішкі шеңберін «Инь Яң Иү» (阴阳鱼) деп аталатын мына ала бүйрек шеңбермен (суреттегідей) ауыстырады.



5-сурет. Бұл Багуа (八卦图) шеңбері, яғни сегіз өрнекті әлемдік үйлесім белгісі. Қытай өркениетіндегі аса маңызды рәміздердің бірі. Ежелгі Даосизм философиясында жатады. 八卦图-дың ең ертедегі нұсқасы «凌家滩遗址» 1985 жылы археологиялық зерттеу кезінде Аньхүй өлкесінің Ханьшань ауданынан табылған. 八卦图-дың нақты жасалған уақыты туралы тарихи дерек жоқ. Алайда аңыздар мен археологиялық айғақтарға сүйенсек, оның пайда болуы неолит дәуіріне, шамамен бұдан 5000–6000 жыл бұрынғы кезеңге жатады. Дәстүрлі түсінік бойынша 八卦图-ды 伏羲 (Фуси) жасаған. Фуси — аңыздағы мәдениет бастаушысы, ол аспан мен жердегі құбылыстарды бақылап, Инь мен Яң өзгерістерінің заңдылығын түйіндеп, сегіз триграмманы қалыптастырған. 八卦图 мәдени рәміз ретінде нақты бір ғана жерде сақталмайды. Ол әртүрлі мәдени мекемелерде, мұражайларда және жеке жинақтарда кездеседі. Мысалы, 凌家滩遗址-тан табылған нефрит тақта Аньхүй өлкесінің археология және мәдени мұраларды зертту институтында сақтаулы. Сондай-ақ 八卦图 формасында көптеген қалалар жобаланып салынған. Мысалы, Лиаулиң өлкесі Хуаньжэнь Манчжур

автономиялы ауданы, Шаньши Сюньянь Тайжи қаласы, Іле Қазақ автономиялы обылысы Текес ауданы.

Бұл күн мен түнге, ай мен күнге жіктелу алдындағы иіп тұрған эфирдың яғни өз тамырынан өніп шыққан немесе өзінен туған Даудың дәл өзі емес пе? (Инь мен Яңның бірлігін Дау деп атайды). Күн ұлының (Ра-ұл – Ра-иш) дүниеге келуінің символы ретінде Египет иероглиф жазуының демотик үлгісінде «Р» дың орнында қолданылған « | » таңбасы Қытай иероглифтерінің қорында да бар бұл таңба «Гүн» (gun) деп оқылады. Орта Жазық елі күн тәңірі деп таныған Гау Яңшы Жун Шүйұлының яғни ең алғашы Шия мемлекетінің іргесін қалаушы Дайүннің әкесінің аты да «Гүн» (鯀). Демек, Күн ұлының дүниеге келуінің символы болып табылатын « | » иероглифінің дыбыстық мәні күн ұлының атына қолданылған «鯀» иероглифіне ауысқан.

« | » (Әліп) ның әліпбидегі бірінші орнына байланысты Түркі тілінде «Алып» ұғымы шыққаны сияқты, «鯀» (gun) иероглифі Қытай тілінде «鯤» (kun) Күнмен яғни балықтың алыбы «Киіт» дегенмен ұқсас мағынада қолданылады, әрі оны қара балық (玄鱼) деп те атайды. «鯤» (kun) төтем ретінде «鯤鹏» деп аталды. «鯤» – аңыздарда айтылатын балықтың алыбы болса, «鹏» – құстың алыбы. Балық – аналық жыныстың, құс – аталық жыныстың символы. Ал «鯤» ның тағы бір аты – «白马» (ақ ат). «鯤鹏» төтемінің орнын ең соңында «龙凤» төтемі басты, «鯤» ның орнына «龙» келді. «Ақ» – Египеттіктердің ай тәңірінің аты. Орта Жазық елі Жун Шүйді қара патша деп те атаған. Олай болса «鯤» мен «白马» ны әлгі ала бүйрек шеңбер түрінде бірбүтін тұлғаға айналған ақ балық пен қара балық символының «бірден екі» болып екіге жіктелуі деп немесе «鯤» (қара балықды) күн тәңірінің, «龙» (айдағарды) ай тәңірінің нышаны деп білуімізге болады. Бұл ретте, «鯤» немесе «龙» – адам баласының ең алғашқы анасының яғни бірінші әйелдің, ал «鹏» мен «凤» – адам баласының ең алғашқы атасының яғни бірінші еркектің символы.

Жоғарыдағы деректі талдауларымызда біз адам баласының ең арғы атасының, яғни бірінші еркектің екі түрлі аталуымен таныстық. Оның бірі – «адам» (ақтам, ахтум, атум). Енді бірі – «Ра-бен» немесе «Ра-иш» («Ра-ұл» немесе «Ра-еркек»). Мұның алдыңғысы ай тәңірін немесе оның жер бетіндегі елшісін, соңғысы күн тәңірін немесе оның жер бетіндегі елшісін адам баласының ең арғы атасы деп танығандықты көрсетеді. Алайда мифологиялық әдебиеттерде ай тәңірлері көбінесе адам баласының ең арғы анасы, күн тәңірлері көбінесе адам баласының ең арғы атасы болып көрсетіледі. Зерделеп үңілер болсақ, бұл мифологиялық шытырманның тасасында ай тәңірін де, күн тәңірін де адам баласының ең арғы атасы деп танудан бұрын, яғни сонау аналық рулық қауым заманында ол екеуін де адам баласының ең арғы анасы деп танығандық. Ал күн тәңірін адам баласының ең арғы атасы, ай тәңірін адам баласының ең арғы анасы деп таныған деп танығанға дейін адам баласының бір ғана арғы тегін о баста ана образындағы ай тәңірі деп, онан соң ата образындағы күн тәңірі деп танығандық жатқандығын байқауға болады.



6-сурет. Әділет құдайының мүсіні. Ең алғашқы прототипі – грек мифологиясындағы Themis (б.з.д. VIII–VII ғғ.). Кейін римдік дәстүрде ол Justitia бейнесіне айналды (б.з.д. I ғасыр

шамасы). Мүсін ұзын шапан киген, қолында таразы мен қылыш ұстаған әйел ретінде бейнеленген, бұл заңның бейтараптығын, теңдігін білдіреді. Әділет құдайының бейнесі өнер тарихы, құқық символикасы және мифология туралы көптеген еңбектерде жиі кездеседі.

Қалай дегенмен де адам баласының арғы тегі ең әуелде біреу-ақ, не ай тәңірі, не күн тәңірі, не ақ балық, не қара балық. Жеке-жеке алғанда, бұл екеуінің қай-қайсысы да нұр тәңірінің екі жақты қызметін бір өзі атқаруға қабілетті. Ақ балықтың өзін ай тәңірінің нышаны десек, оың көзі – күн тәңірінің, ал қара балықтың өзін күн тәңірінің нышаны десек, оың көзі – ай тәңірінің нышаны. Соған орай, ол екеуінің қайсысы алдымен адам кейпіне келтірілсе, оған қос жыныстылық сипат телінді. Мәселен, Нұйуаны «әйел Фуши» деп атауға да болады. Егер адам баласының ең арғы тегі ана образындағы ай тәңірі болса, онан ата образындағы күн тәңірі өрбуге тиіс болды. Мәселен, Адам атаны Хауа ана балшықтан илеп жасап алды. Ал мұның керісінше, ол ата образындағы күн тәңірі болса, онан ана образындағы ай тәңірі өрбуге тиіс болды. Осыған меңзес Хауа ана Адам атаның бір қабырғасынан жаралды. Демек, мұның өзі адам баласының бір ғана арғы тегі ана образындағы Хауа ана (Нұйуа) болса, оны ата образындағы адам (Фуши) деп тануға да, мұның керісінше, ол ата образындағы адам (Фуши) болса, оны ана образындағы Хауа (Нұйуа) деп тануға да болатын қос жынысты бірбүтін тұлға деп айтуға болады.

Хауа (ана) мен Адам (ата) есімдерін адам баласының бір ғана арғы тегі ретіндегі қос жынысты тұлғаның заттық образы болып табылатын қапакты адам кейпіне келтіру барысының дәл өзінен туып, сол барыстың өзімен біте қайнасып кеткен деуге болады. «Хауа» деп отырғанымыз іші қуыс бітеу шар тәрізді бүп-бүтін қалпындағы қауа, қауын, қапак. «Қапак» сөзінің аналық жыныс, дәлірек айтқанда, арулардың бойындағы ең асылының атауына айналып қалуы бұл заттық образдың, ең алдымен ай тәңірі ретіндегі ана образына, онан соң ай тәңірі ретіндегі ата образына ауысқанын түсіндіреді. Онсызда Ежелгі Түркі тілінің кейбір диалектілерінде «И» дың «Д» мен ауыстырылып айтылатынын ескере отырып, «Адам» атауының басқы буыны «Ад» ты қайтадан «ай» мен ауыстырып айтуымызға да болар еді. «Әйел» атауы да осы «Ай» түбірінен жасалған. Дегенмен бұған бола «Адам» атауы бірден ана образындағы қос жынысты тұлғаның атауы ретінде «Ад» (Ай) пен онан кейінгі буыннан құрала қалған деу қиын.

«Хауа» ның толығы – «Хаууах». Мұының қосар буыны «Уах» алдыңғы «хау» буынның кері айтылуы. Атаудың бұлай жасалуы адам баласының бір ғана арғы тегінің қос жыныстылық сипатына тікелей қатысты. Ендеше, «Хаууах» тың ата образының атауына ауысқанынан кейінгі төл баламасы «Адам» (Аям) емес, «Адда» (Айя) болуға тиіс. Әкені Ежелгі Шумерлер «Ада» деп, Түркі халықтары «Ата» деп атаған. Бұл екеуі «Ад-да» «Ат-та» қосар буындарының біріккен түрлері. «Адда» ның екінші сыңары «да» (大) Қытай тілінде «Әке» ұғымында қолданылады.

«大» ның төркіні – ортасында нокаты бар немесе консентірлі шеңбердің күн ұлының символы ретіндегі нокаты яғни ішкі шеңбері. Бұл ұйғыршада қос қабатталып «Дада» формасына ие болған. «Да», «Та» буындары әсілі «Дам», «Там» буындарының тілдің ұзақ заманғы дамуы барысында мұжылып кіріккен түрлері сияқтанады. «Дам» мен «Там» Еуропа тілдерінде қазірдің өзінде «Ана» ұғымында қолданылатын «Мад» бен «Мат» тың кері төңкерілген формалары. Олай болса, «Адам» атауын реконструкциялап «Маддам» (Маттам) формасына келтіруге болады.

Дүниенің және оған қоса адам баласының жаралуы жөніндегі мифологиялық дүниетанымның түпқазығы саналатын қапак немесе жұмыртқа сияқты бір ғана символ негізінде өрбіген фантазиялық образдар әрине осылармен шектелмейді. Египет мифтерінде көптеген тәңірлердің бәрі бір ғана Радан, яғни жалғыз Жұмыртқадан өрбігені сияқты Фуши, Янь Ди, Хуаң Ди қатарлы үш әулетке бөлініп кеткен тәңірлердің бәрінің де тамыры бір. Жалпы алғанда, Қытай мифтерінде Янь Ди мен Хуаң Ди Қытайдың арғы аталары саналса,

Фуши мен Нұйуа бүкіл адамзаттың арғы тегіне баланады. Сол үшін де Янь Ди мен Хуан Ди образының ұлттық бояуы өте қанық. Сонысына қарамай олар әрдайым бір желінің бойынан, Үш ағзам, бес патшаның шоғырынан көрінеді. Мысалы, Үш ағзам деп бірде Фуши, Нұйуа, Дихан ата үшеуін атаса, бірде Фуши, Дихан ата, Журұң үшеуін, енді бірде Фуши, Дихан ата, Хуан Ди үшеуін атайды. Мұның ешбір ғажаптанарлығы жоқ, мұндайдың мысалын әр елдің мифологиялық әдебиеттерінен көп ұшыратамыз. Мәселен, Гректердің Зевсі Рим мифологиясына Юпитер деген атпен, Аресі Марыс деген атпен, Герсі Юто деген атпен көшірілген. Күн анасы Исиданың прообразы болып табылатын Иштхор бір бойына алдыңғы Азияның ең алғашқы әйел тәңірлерінің, соның ішінде Шумерлердің әйел тәңірі Ин ананың да бар қасиетін түгел бойына жиған (суретке қараңыз). Семит тайпаларының кейін оны алдыңғы Азияның түрліше аймақтарында Астарт, Аштарта деген аттармен малданғаны мәлім. Исиданың образы ең соңында Гректердің ай тәңірі Ионның образымен бірлік табады. Оны былай қойғанда мифтік кейіпкерлердің бұл екі түйдегінің яғни Орта Жазық жерінің мифтік кейіпкерлері мен сонау қиыр батыстағы Египет, алдыңғы Азия және Гретьция мен Рим жерінің мифтік кейіпкерлерінің бойынан да оқшаулықтан гөрі ортақтықтың белгілері көбірек табылады.

Фуши күн тәңірі ретінде «太昊» деп аталды. «昊» дың ең алғашқы нұсқасы – «𠄎» . Мұның үстіңгі бөлегі – күн, яғни «日» ның алғашқы нұсқасы. Астыңғы бөлегі – «天» мен «大» ның бірі. Бұл бейнесінде Фуши «Төбесіне күн табағын көтеріп алған» Египеттік еркек Раға ұқсайды. Алайда «Ортаға бейімделу» оларды бірінен-бірін бөгделендіріп, азды-көпті өзіндік ерекшеліктерге ие еткенін де жоққа шығаруға болмайды. Мәселен, Ра тұңғыық гүлінің қауашағын жарып шықса, Фуши Хуашүиден (асқабақтың гүлінен) туылады. Египеттің қошқар басты еркек Расы Орта Жазық жерінде сиыр басты, айдағар денелі Фушиға, Египетте сегіз ұл-қызымен қоса «Күн қаласындағы тоғыз тәңір» деп аталған Ра Орта Жазық жерінде жылан денелі тоғыз басты адам кейпіндегі Фушиға айналған (Хы Гуаньё 1992).

Нұйуа – Исиданың Орта Жазық жерінде алғаш қолданған аты. Нұйуа сары топырақтан илеп адам жасаған соң оның қасында Фуши атты бір еркек пайда болады да оны өзіне аға қылып алады. Египет жерінде Исида ағасы Осириспен үйленеді. Орта Жазық жерінде Нұйуа ағасы Фушимен үйленеді. Исиданың алдыңғы Азия, Египет, Гретьция жерлерінде әр дәуірде әр алуан аттармен аталғаны сияқты Нұйуа да Орта Жазық жерінде Чаң-и, Чаңши, Шихы, Чаң-ы, Шуаңму деген секілді аттармен бой көрсетеді. Исида күн анасы, Шихы да күн анасы. Екеуінің бар айырмашылығы Исидадан бір ғана күн перзенті Хор туылса, Шихыдан он бірдей күн туылады. Исида ол жақта күн кемесін жүргізсе, Шихы бұл жақта күн арабасын айдайды. Ол жақта өзіне және отбасына қолынан келген қастандық пен жаманшылықтың бәрін істеген Сәтті Исиданың ұлы Хор өлтірсе, бұл жақта Шихыдан қатарынан туған он бірдей күн «女丑» (Nǚ Chǒu – Сәт, сиықсыз)<sup>22</sup> ді қақтап өлтіріп көзін жойды. Қытай мифтерінде Янь Ди мен Чы Ёудың образы да Нұйуа мен Фушидың образымен бір типке жатады. Айталық, Янь Ди сиыр басты, адам денелі. Чы Ёу адам денелі, сиыр тұяқты, басында мүйізі бар. Және Чы Ёу да өзін Янь Ди деп атаған.

### Зерттеу нәтижелері

Әлем бейнесі мен адам баласының жаралуы туралы арғы заман мифтерін тек бір халыққа тәуелдеу тарихқа қианат. Әр өңірде әр түрлі атпен аталып жерлік сипат алғанымен Орта Жазық жерінде, яғни бүгінгі Қытай территориясында сақталып келген мифологиялық символдардан осыны көре аламыз. Бұл арада біз мифтік кейіпкер ретінде талдап отырған Нұйуа, Фуши, Пань-гу, Янь Ди, Хуан Ди қатарлылар Қытай жерінде туған мифтік образдар болғанымен, оның басқаша аттармен аталып жүрген бейнесін дүниежүзі халықтарының мифтерінен дерлік кездестіре аламыз. Қатай ғалымдары кейде бұл мифтік кейіпкерлердің

---

<sup>22</sup> Қытайдың көне мифологиясындағы жұмбақ әйел кейіпкер.

соңғы екеуін тарихи кейіпкер ретінде қарастырады. Мәселен, Қытай ғалымы Чүи Чын (曲辰) «Шуанюань Хуан Ди тарихының сырлары» (轩辕黄帝史迹之谜) атты кітабында Хуан Диды Хуанхы өзені алқабында өмір сүрген тарихи тұлға деп қарап, оның тегін Қытай көне иероглифіндегі жазылуы бойынша талдау жасайды. Хуан Дидің атының алдыңғы бөлегі «Хуан» қабыршақ жазуында «» түрінде жазылып, «» және «» екі таңбадан құралған. Бұл таңбаның бірінің түрегеліп тұрған адам екенінде дау жақ. Ал екінші бөлегі «» ойландырады (Чүи Чын 1992).

Бұл иероглиф Қытай тілінде «Егістік» және «топырақтың түсі» деген мағынада қолданылады. «Хуан» иероглифі дыбыстық жағына Қытай тіліндегі «Сары» деген сөзбен ұқсас. Кітап авторы Хуанхы өзені (Сары өзен) алқабының топырағы сары түсті болған. Сондықтан оның атының мәніне қарағанда ол Хуанхы алқабында алағаш егіншілікпен шұғылданған адам деп қарайды. Әрине бұл Қытай ғалымының ғалыми қисынға жыға отырып айтқан жеке пікірі. Дегенмен жаңағы екі таңбаның бірі – «» таңбасы жазудың ең алғашқы түрлері болып табылатын Ежелгі Египет жазуында, Финики жазуында, Крит жазуында кезігеді. Соның ішінде Ежелгі Египет жазуында ол «Қала» деген мағына береді. қаланы біз «Шар» деп те атаймыз. Дөңгелек тұйық шеңберді де, домаланған бітеу нәрсені де «Шар» дейміз. Парсыларда «Шар» сөзі «Қала» дегеннен басқа «Мемлекет» мағынасында да қолданады. Түркі тілдерінде «Ш» дыбысы мен «С» дыбысы кейде ауысып қолданыла беретінін ескерсек, «Шар» сөзін «Сар» деп те оқуымызға болады. «Сар» сөзі Парыс тілінде ертеде «Бас», «Басшы» деген де мағыналар берген. Ежелгі Вавилон, Рим, Персия патшаларының «Сар» деп аталуы содан болса керек. Кейінгі кезде Россия мен Болгария патшалары да «Цар» деп аталды. Ендеше осы «» таңбаның өзі ең алғаш елді мекенді қоныс еткен «Рулық қауым» деген ұғымды білдірсе керек. Сонан барып «Қала», «Мемлекет» мағыналарына ауысқан.

### Қорытынды

Қытай ғалымдарының көпшілігі Хуан Диді мифтік кейіпкер ретінде қарастырады. Қытайдың ертедегі патшалары – Чин Шыхуан мен Хан Уди – өздерінің өлмей, ұзақ өмір сүруіне жар болуын тілеп, құдайға, аруаққа құлшылық етуге көбірек бой ұрған. Сөйтіп, Нюйуа, Фуси, Пань-гу сияқты көптеген мифтік кейіпкерлерді тудырған.

Ф. Энгельс мифологияны мәдениеттілік заманына варварлық заманынан қалған мол мұраның бірі ретінде атап өтеді (Энгельс, 1957). Біз арнайы тақырып ретінде зерттеп отырған әлем бейнесі мен адам баласының жаратылуына қатысты туған мифтік кейіпкерлер де сол заманнан қалған бағалы мұралар екені даусыз.

Бұларды реттеп, жинақтап, өңдеп, кітап бетіне түсіру – мәдениеттілік заманына қадам басқаннан кейін, құл иеленушілік мемлекеттер мен феодалдық патшалықтар тұсында атқарылған жұмыс. Әр ел өзіне тән бертінгі замандарда қалыптасқан тіліне, дініне, салт-санасына, дәстүріне, географиялық орналасуына және т.б. жағдайларына бейімдеп қабылдағаны болмаса, бұл мифтік кейіпкерлердің түп-төркіні ортақ. Мысалы, қытай мифологиясында: «Пань-гу – мифтерде айтылатын аспан мен жердің жігін жарып шыққан кейіпкер. Ол жер мен көктің аласапыран болып араласып жатқан күйінен туған. Аспан мен жердің жігі ажырағаннан кейін, аспан күніне бір кез жоғарылап, жер күніне бір кез қалыңдап, Пань-гудың бойы да күніне бір кез өсіп отырған. Сөйтіп, ол 18 мың жасқа келгенде аспан биіктеу шегіне, жер төмендеу шегіне жетіп тоқтаған. Аспандағы ай мен күн, жұлдыздардан бастап, жердегі ағаш, шөп, тастарға дейінгі әлемдегі барлық заттар Пань-гу өлген соң оның дене мүшелерінен пайда болған»<sup>23</sup> делінеді. Библиялық мәтіндердегі әлемнің жаратылуы

<sup>23</sup> Қытай ғалымы Хэ Гуанью (何光岳) «Янь ди мен Хуан Ди дәуірінен кейінгі тарих» (炎帝、黄帝以来的历史) еңбегінде де әлемнің жаралуы туарлы мифтерді келтіреді.

жөніндегі тарауда да, қытай және түркі тілдес халықтардың мифтерінде де сақталған азды-көпті айырмашылықтарды есепке алмағанда, әлем бейнесі туралы мифтерде ұқсастықтар көп.

### Әдебиеттер:

- Richard, 2002 – *Richard E. Strassberg*. University of California, P. 313.
- Sima Qian, 1993 – *Sima Qian*. Records of the Grand Historian. Translated by Burton Watson. Columbia University, P. 224.
- Liu An, 2012 – *Liu An*. Huainanzi. Columbia University, P. 320.
- 叶舒宪, 田大先, 2018 – 叶舒宪, 田大先. 国早期文明的神秘数字. 江西大学出版社, 425 页.
- Ғабитов, Кенжетай, 2005 – *Ғабитов Т., Кенжетай Д.* Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. 1 том. Астана: аударма баспасы, 496 б.
- 金芭塔丝, 2016 – 马丽加·金芭塔丝. 女神的语言 // 西方文明早期象征符号解读. 社会科学文献出版社. 436 页.
- 殷发录, 1989 – 殷发录. 中国早期文化史. 北京大学出版社, 400 页.
- Жанайдаров, 2006 – *Жанайдаров О.* Ежелгі Қазақстан мифтері. Алматы: Аруна баспасы, 182 б.
- 普鸣, 2020 – 普鸣. 成神: 早期中国的宇宙论、祭祀与自我神化. 译者: 张常焯. 北京大学出版社, 512 页.
- 蒲慕州, 2023 – 蒲慕州. 早期中国的鬼. 译者: 黄咨玄. 新星出版社. 252 页.
- Ыбыраев, 2009 – *Ыбыраев Ш.* Бастау. Қазақ халқының фольклоры туралы зерттеулер. Алматы: баспалар үйі, 320 б.
- Қамзай, 2007 – *Қамзай Ә.* Нұрилах. Үрімші: Шынжаң жастар-өрендер баспасы, 230 б.
- 波沙曼提尔, 莱曼, 2011 – 阿尔弗雷德·波沙曼提尔, 英格玛·莱曼. 世界最神秘的数. 吉林出版集团. 259 页.
- 关银凤, 2005 – 关银凤. 神秘的文明. 中国社会出版社. 264 页.
- Қамзай, 1999 – *Қамзай Ә.* Әлмисақтан. Үрімші: Шынжаң жастар-өрендер баспасы, 325 б.
- 赛妮亚, 2008 – 赛妮亚. 塔木德. 重庆出版社. 268 页.
- 穆罕莫德, 2003 – 穆罕莫德. 古兰经. 译者: 马坚. 中国社会科学出版社, 484 页.
- Garry J. Shaw, 2014 – *Garry J. Shaw*. The Egyptian Myths: A Guide to the Ancient Gods and Legends. Thames and Hudson. P. 224.
- 逢振镐, 1995 – 逢振镐. 东夷文化史. 中国社会科学出版社, 520 页.
- Сүлейменов, 1975 – *Сүлейменов О.* Аз и Я. Алматы: Жазушы баспасы, 304 б.
- Robert, 1990 – *Robert van Gulik*. 中国古代房内考: 中国古代的性与社会. 译者: 李零, 郭晓惠. 上海人民出版社, 558 页.
- 林语堂, 2016 – 林语堂. 老子的智慧. 湖南文艺出版社, 320 页.
- Жолдасбеков, 2001 – *Жолдасбеков М.* Орхон ескерткіштері. Астана: Фолиант баспасы, 174 б.
- 袁珂, 2015 – 袁珂. 中国神话大词典. 华夏出版社, 616 页.
- 李运富, 2010 – 李运富. 古汉语字词典. 中国青年出版社, 1673 页.
- 伍雄武, 1992 – 伍雄武. 中国少数民族哲学史. 安徽人民出版社, 1078 页.
- Сүлейменов, 2014 – *Сүлейменов О.* Таңбалар тілі. Алматы: “Олжас кітапханасы” баспа үйі, 382 б.
- 格雷夫斯, 2022 – 罗伯特·格雷夫斯. 希腊神话. 湖南文艺出版社, 1528 页.

神马卡通, 2012 – 神马卡通. 黄帝炎帝-图说经典神话. 贵州人民出版社, 154 页.

Енгелс, 1957 – *Енгелс Ф.* Дюринге қарсы. Қазақ мемлекет баспасы, 270 б.

曲辰, 1992 – 曲辰. 轩辕黄帝史迹之谜. 中国社会科学出版社, 353 页.

### References:

Alfred Posamentier, Ingmar Lehmann, 2011 – *Alfred Posamentier, Ingmar Lehmann*, Shìjiè zuì shénmì de shù [The world's most mysterious number]. Jílín Chūbǎn Jítuán. 259 p. (in Chin).

Engels, 1957 – *Engels F.* Dyuringge qarsy [Against to Dyuring]. Qazaq memleket baspasy. 270 p. (in Kaz).

Ghabitov, Kenzhetai, 2005 – *Ghabitov T., Kenzhetai D.* Ezhelgi köshpeliler dünietanı [Worldview of Ancient Nomads]. 1-Vol. Astana: Audarma baspasy. 496 p. (in Kaz).

Garry J. Shaw, 2014 – *Garry J. Shaw*. The Egyptian Myths: A Guide to the Ancient Gods and Legends. Thames and Hudson. 224 p. (in Chin).

Guan Yinfeng, 2005 – *Guan Yinfeng*. Shénmì de wénmíng [Mysterious Civilization]. Zhōngguó Shèhuì Chūbǎnshè. 264 p. (in Chin).

Liu An, 2012 – *Liu An*. Huainanzi. Columbia University. 320 p. (in Eng).

Li Yunfu, 2010 – *Li Yunfu*. Gǔ Hànyǔ Zì Cídiǎn [Dictionary of Classical Chinese Characters]. Zhōngguó Qīngnián Chūbǎnshè. 1673 p. (in Chin).

Lin Yutang, 2016 – *Lin Yutang*. Lǎozǐ de zhīhu [The Wisdom of Lao Tzu]. Húnán Wényì Chūbǎnshè. 320 p. (in Chin).

Michael Puett, 2020 – *Michael Puett*. Chéng shén: Zǎoqī Zhōngguó de yǔzhòu lùn, jìsì yǔ zìwǒ shénhuà [Deification: Cosmology, Sacrifice, and Self-Deification in Early China]. Awdargan: Zhang Changxuan. Peking University Press, p. 512.

Marija Gimbutas, 2016 – *Marija Gimbutas*. Nǚshén de yǔyán// xīfāng wénmíng zǎoqí xiàngzhēng fúhào jiědú [The Language of the Goddesses // An Interpretation of Early Symbolic Representations in Western Civilization]. Shèhuì kēxué wénxiàn chūbǎnshè. 436 p. (in Chin).

Muhammad, 2003 – *Muhammad*. Quran [The Quran]. Awdargan: Ma jian. Zhōngguó Shèhuì Kēxué Chūbǎnshè. 484 p. (in Chin).

Pu Muzhou, 2023 – *Pu Muzhou*. Zǎoqī Zhōngguó de guǐ [Ghosts in Early China]. Awdargan: Huang Zixuan. Xīnxīng Chūbǎnshè. 252 p. (in Chin).

Pang Zhenghao, 1995 – *Pang Zhenghao*. Dōngyí Wénhuà Shǐ [A History of Dongyi Culture]. Zhōngguó Shèhuì Kēxué Chūbǎnshè. 520 p. (in Chin).

Qamzai, 2007 – *Qamzai A.* Nurillah [Nurillah]. Urimshi: Shinjiyan zhastar-orender baspasy. 230 p. (in Kaz).

Qamzai, 1999 – *Qamzai A.* Almisaktan [from a diamond]. Urimshi: Shinjiyan zhastar-orender baspasy. 325 p. (in Kaz).

Qu Chen, 1992 – *Qu Chen*. Xuānyuán Huángdì Shìjì zhī Mí [The Mystery of the Historical Sites of the Yellow Emperor]. Zhōngguó Shèhuì Kēxué Chūbǎnshè. 353 p. (in Chin).

Richard, 2002 – *Richard E.* Strassberg. University of California. 313 p. (in Eng).

Robert van Gulik, 1990 – *Robert van Gulik*. Zhōngguó gǔdài fāngnèi kǎo: Zhōngguó gǔdài de xìng yǔ shèhuì [A Study of Sexual Relationships in Ancient China: Sex and Society]. Awdargan: Li Ling, Guo Xiaohui. Shànghǎi rénmin chūbǎn shè, 558 p. (in Chin).

Robert Graves, 2022 – *Robert Graves*. Xīlǎ Shénhuà [The Greek Myths: The Complete and Definitive Edition]. Húnán Wényì Chūbǎnshè. 1528 p. (in Chin).

Sima Qian, 1993 – *Sima Qian*. Records of the Grand Historian. Translated by Burton Watson. Columbia University, 224 p. (in Eng).

Senia, 2008 – *Senia*. Tǎmùdé [Talmud]. Chóngqìng Chūbǎnshè. 268 p. (in Chin).

Suleimenov, 1975 – *Suleimenov O.* Az i Ya. Almaty: Zhazushy baspasy. 304 p. (in Kaz).

Suleimenov, 2014 – *Suleimenov O.* Tanbalar tili [The Language of Signs]. Almaty:

Olzhas .382 p. (in Kaz).

Shenma Cartoon, 2012 – *Shenma Cartoon*. Huángdì Yándì – Túshuō Jīngdiǎn Shénhuà. [Yellow Emperor and Yan Emperor – Illustrated Explanation of Classic Myths]. Guìzhōu Rénmín Chūbǎnshè. 154 p. (in Chin).

Ye Shuxian, Tian Daxian, 2018 – *Ye Shuxian, Tian Daxian*. Zhōngguó zǎoqī wénmíng de shénmì shùzì [Mysterious Numbers of Early Chinese Civilization]. Jiāngxī Dàxué Chūbǎnshè. 425 p. (in Chin).

Yin Falu, 1989 – *Yin Falu*. Zhōngguó zǎoqī wénhuà shǐ [A History of Early Chinese Culture]. Běijīng Dàxué Chūbǎnshè. 400 p. (in Chin).

Ybyraev, 2009 – *Ybyraev Sh*. Bastau (Qazaq halqynyñ fol'klory turaly zertteuler) [Bastau (Studies on Kazakh Folklore)]. Almaty: Baspalar uyi. 320 p. (in Kaz).

Yuan Ke, 2015 – *Yuan Ke*. Zhōngguó Shénhuà Dà Cídiǎn [A Comprehensive Dictionary of Chinese Mythology]. Huáxià Chūbǎnshè. 616 p. (in Chin).

Wu Xiongwu, 1992 – *Wu Xiongwu*. Zhōngguó Shǎoshù Mínzú Zhéxué Shǐ [A History of Philosophy of Chinese Ethnic Minorities]. Ānhuī Rénmín Chūbǎnshè. 1078 p. (in Chin).

Zhanaidarov, 2006 – *Zhanaidarov O*. Ezhelgi Qazaqstan mifleri [Myths of Ancient Kazakhstan]. Almaty: Almaty: Aruna baspasy. 182 p. (in Kaz).

Zholdasbekov, 200 – *Zholdasbekov M*. Orkhon eskertkishteri [Orkhon Monuments]. Astana: Foliant. 174 p. (in Kaz).

<sup>1</sup>Кадыл Т., <sup>2</sup>Абдылбарыұлы Д., <sup>3</sup>Жомарт Е.

<sup>1,3</sup> Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова

КН МНВО РК, Алматы, Казахстан.

<sup>2</sup>Национальная академия «Манас», г. Бишкек, Республика Кыргызстан.

E-mail: <sup>1</sup>[taldaobekashimhan@gmail.com](mailto:taldaobekashimhan@gmail.com), <sup>2</sup>[dabyt91@gmail.com](mailto:dabyt91@gmail.com), <sup>3</sup>[silas.kaz.3@mail.ru](mailto:silas.kaz.3@mail.ru)

## КАРТИНА МИРА В МИРОВОЗЗРЕНИИ ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ НАРОДОВ: НА ОСНОВЕ КИТАЙСКИХ МИФОВ И ИСТОРИЧЕСКИХ ИСТОЧНИКОВ

**Аннотация.** В данной статье на основе китайских мифов, легенд и исторических источников исследуется система образов картины мира в мировоззрении тюркских народов. В частности, проводится сравнительный анализ вещественного и антропоморфного образов мира, представленных в китайских источниках, с мифологическими образами, встречающимися в мифах греков, египтян, древних шумеров и тюркских народов. Несмотря на различия в интерпретации образов картины мира и мифологических персонажей в литературных традициях разных народов, сравнительное исследование позволяет выявить множество общих черт. В мифологии тюркских народов образ мира описывается в форме «Қапак» (крышкообразной формы) или «морской раковины», в то время как в ряде тюркских традиций мир считается возникшим из золотого яйца. В китайских мифах говорится, что брат Фуси и его сестра Нюйва вступили в брак, и от них произошёл человеческий род, тогда как в тюркской традиции Адам создает Еву из собственного ребра и женится на ней. В одной из версий тюркской мифологии верховным владыкой всего мироздания является Нур-Тенгри: Хауа (Ева) зачинает от солнечного света, в результате чего возникает человечество. Эти представления анализируются в статье с опорой на редкие и содержательные исторические материалы. Цель исследования заключается в обобщении общих образов сотворения мира путем анализа материалов китайских источников. Для достижения поставленной цели в работе использованы следующие материалы. Во-первых, анализируются знаки, выгравированные на поверхности гребня из слоновой кости, включенного в корпус китайских исторических источников. В мифологическую эпоху данный знак ассоциировался

с символом солнца. Такое таинственное состояние, предшествующее сотворению (или космическому разрыву) мира, в китайской традиции обозначается как «раскрытие Қапак», тогда как в европейской культуре оно известно под названием «Хаос». Взаимосвязи между этими представлениями подробно рассматриваются в статье. Во-вторых, уделяется внимание символическому значению фрагментов нефрита, обнаруженных в китайских архивах, а также анализируются следы символов образа мира, сохранившиеся в мифологии и языке тюркских народов. В-третьих, исследуется связь некоторых символических образов сотворения мира с ранней китайской репродуктивной и гендерной символикой. В-четвертых, рассматривается вещественный образ картины мира. Отмечается, что в трудах китайских и японских ученых такие объекты, как «Қапак», «яйцо» и иные предметы округлой формы, интерпретируются как материальные символы мира. В качестве примеров анализируются взгляды казахского писателя О.Сулейменова, изложенные в его книгах «Аз и Я» и «Язык знаков», посвященные предметам, символизирующим образ мира. Основной научной новизной статьи является введение в научный оборот новых материалов из мифологического наследия тюркских народов, ранее не упоминавшихся и не публиковавшихся. Основным источниковым материалом исследования послужили китайские архивы, исторические источники, легенды и мифы, что позволило всесторонне и глубоко проанализировать систему образов картины мира в мировоззрении тюркских народов.

**Благодарность:** Статья подготовлена в рамках фундаментального научного исследования МНВО РК на тему: «Казахстан и меняющиеся контуры восточного мира: исторические вызовы и перспективы» (No BR 31714763).

**Ключевые слова:** тюркские народы, мировоззрение, сотворение мира, древние изображения, культурные связи, древняя сексуальная культура, китайские мифы, шумерские и греческие легенды, археологические исследования, исторические данные, священные символы.

<sup>1</sup>Kadyl T., <sup>2</sup>Abdylbaryұлы D., <sup>3</sup>Zhomart E.

<sup>1,3</sup> R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup> “Manas” National Academy, Bishkek, Republic of Kyrgyzstan

E-mail: <sup>1</sup>[taldaobekashimhan@gmail.com](mailto:taldaobekashimhan@gmail.com), <sup>2</sup>[dabyt91@gmail.com](mailto:dabyt91@gmail.com), <sup>3</sup>[silas.kaz.3@mail.ru](mailto:silas.kaz.3@mail.ru)

## THE WORLDVIEW OF TURKIC-SPEAKING PEOPLES: THE IMAGE OF THE WORLD BASED ON CHINESE MYTHS AND HISTORICAL SOURCES

**Abstract.** This article examines the system of images representing the world in the worldview of the Turkic peoples, based on Chinese myths, legends, and historical sources. It analyzes how material and anthropomorphic representations of the world in Chinese sources correspond to mythical images found in Greek, Egyptian, Sumerian, and Turkic traditions. While each culture describes these images and mythological figures differently, many common features emerge through comparison. In Turkic mythology, the world is described as a “lid” or “sea snail,” or as being born from a golden egg. In Chinese myths, brother Fuxi and sister Nüwa married, and humanity originated from them, while in the Turkic tradition, Adam created Eve from his rib. Nur Tengri is considered the supreme ruler of the world, and Eve, imbued with sunlight, became pregnant, giving rise to humankind. The purpose of this study is to synthesize the general image of the world’s creation by analyzing Chinese sources. First, symbols engraved on an ivory comb preserved in Chinese historical research materials are analyzed. In the mythological era, these symbols represented the sun. The Chinese term for the pre-creation state is “Cracking the Lid,” while European traditions refer to it as “Chaos.” The article explores connections between these symbolic representations. Second, the symbolic meaning of stone beads from Chinese archives is examined, highlighting parallels with world images in Turkic mythology and language. Third, some

symbolic representations are linked to ancient Chinese sexual culture. Fourth, the study considers material objects representing the world, such as “Cover” or “Egg” forms created by Chinese and Japanese scholars as tangible alternatives to abstract cosmological concepts. Additionally, the article draws on the opinions of the Kazakh writer Olzhas Suleimenov from his works *Az i Ya* and *Tangbalar tili*, analyzing objects he identified as symbolic representations of the world. The novelty of this study lies in presenting previously unpublished materials on Turkic mythology, which have not been included in academic circulation. Chinese archives, historical data, legends, and myths constitute the primary sources. By combining these materials, the article offers a comprehensive analysis of the system of world images in the Turkic peoples’ worldview, highlighting both shared features with other cultures and unique elements of Turkic cosmology. This study contributes to comparative mythology by linking Chinese symbolic representations with Turkic mythological thought and material culture, providing new insights into how diverse cultures conceptualize the origin and structure of the world.

**Acknowledgement.** The article was prepared within the framework of fundamental scientific research by the Ministry of Science and Higher Education of Republic of Kazakhstan «Kazakhstan and the Changing Contours of the Eastern World: Historical Challenges and Prospects» (No BR 31714763).

**Keywords:** Turkic peoples, worldview, creation, ancient images, cultural connections, ancient sexual culture, Chinese myths, Sumerian and Greek legends, archaeological research, historical data, sacred symbols.

Авторлар туралы мәлімет:

Талдаубек Қадыл – PhD доктор, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан

Дабыт Абдылбарыұлы – PhD доктор, жетекші ғылыми қызметкер, Қырғыз Республикасы «Манас» атындағы ұлттық академиясы, Бішкек, Қырғызстан

Ертай Жомарт – Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан

Информация об авторах:

Талдаубек Кадыл – PhD, ведущий научный сотрудник Института востоковедения имени Р.Б.Сүлейменова, Алматы, Казахстан

Дабыт Абдылбарыұлы – кандидат наук, ведущий научный сотрудник Национальной академии наук имени Манаса Кыргызской Республики, Бишкек, Кыргызстан

Ертай Жомарт – научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

Information about authors:

Taldaubek Kadyl – PhD, Leading Researcher, R.B.Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Republic of Kazakhstan

Dabyt Abdylbaryuly – PhD, Leading Researcher, Manas National Academy of the Kyrgyz Republic, Bishkek, Kyrgyzstan

Eertai Zhomart – Research Fellow at the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

*Келін түсті 28 ақпан 2026 жыл  
Қабылданды 6 мамыр 2026 жыл*